

нәтижемен ақшалай өрнекте бағаларға датаға бағалауатын объект құн туралы ғылыми қисынды пікір келетін.

Assess anything - means to determine the value of the object. Evaluation - the process of establishing an expert appraiser project cost estimates for specific purposes, resulting in a science-based opinion on the value of the estimated object at the date of valuation in monetary terms.

УДК 528.022/535.3

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ISSUES OF EFFECTIVE LAND USE IN ALMATY OBLAST

Сагандыкова Д.Н.
D.N. Saqandykova


Казахский национальный аграрный университет

Аннотация Мақалада Алматы облысында жерді тиімді пайдаланудың мәселелері қаралған

Жер ресурстары – бұл кез келген елдің ұлттық байлығы. ХХІ ғасырдың екінші онжылдығының басында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев "Ауылшаруашылығында еңбек өнімділігі 2015 жылы қарай 2 есеге, 2020 жылға қарай 4 есеге артады" деп атап көрсетті [1].

Алматы облысында 16 аудан, 26 поселкілер, елді мекендер -616 және ауылдық округтер саны-236 құрап отыр. Облыста 2011 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 286,1 млрд. теңгеге өндіріліп, 2010 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 103,1%-і құрады. Облыс әлемнің 120 елдерімен сауда-серіктестік қатынасы бар, 38 елмен экспорттық жеткізілім жүзеге асырылады, импорт тауарлары 116 мемлекеттен түседі. 2011 жылы облыс экономикасына 371,8 млрд. теңге инвестиция тартылды, бұл 2010 жылдың қаңтар-желтоқсан айларымен салыстырғанда 114,5 пайызды құрады. Инвестицияның негізгі көлемі - кәсіпорындар мен ұйымдардың өз қаражаттары есебінен - 204067,5 млн. теңге немесе 54,9 пайыз, республикалық бюджеттен - 37056,6 млн. теңге немесе 9,9 пайыз, жергілікті бюджеттен - 31176,2 млн. теңге немесе 8,4 пайыз, шетел инвестициялары - 51298,3 млн. теңге немесе 13,8 пайыз және басқа да несие қаражаттары - 48239,8 млн. теңге немесе 13 пайыз. Облыс халқының 76,6% (1435968,0 адам) ауылдық жерде тұрады. Облыс Қытай және Орта Азия, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан республикалары арасында маңызды көлік дәлізі болып саналады. Достық теміржол станциясы және Қорғас автокөліктер өтетін жолдар арқылы Қытайға және басқа да әлем елдеріне қазақстандық тауарларды экспортқа шығаруды жүзеге асырады. Қазіргі заманғы көлік дәліздерін қалыптастыру облыс аумағында бірқатар ірі жобаларды жүзеге асыру есебінен жалғасатын болады. "Жетіген-Қорғас" теміржолының, "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық автомобиль жолының транзит дәлізінің құрылыстары жүріп жатыр. "Алматы-Қапшағай", "Үшарал-Достық", "Алматы-Өскемен" автомобиль жолдарын қайта жөндеу, "БАКАД" автомобиль жолының құрылысы бойынша жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда. Қазіргі кезде облыстағы экономиканың саларының алып жатқан аудандары: өнеркісіп-16,1 мың га, теміржол-26,9 мың га, автомобиль жолдары-33,4 мың

га, байланыс -1,0 мың га, басқа салалардың алып жатқан территориялары-207,1 мың га 1




сурет.

1 сурет- Алматы облысында экономика салаларының алып жатқан территориялары, %


Жер ресурстарын қорғау арқылы ауыл шаруашылық егістіктерінің түсімін арттыруға қол жеткіземіз. Табиғи ортаның жағдайының жақсаруы жер ресурстарына байланысты болады. Әрбір аймақта, жергілікті жердегі топырақ құнарлы болған сайын ауыл шаруашылық құрылымдарының экономикалық тиімділігі артады. [2]

Жер адамзат баласының асыраушысы және құнарлығын арттырған сайын дақылдардың түсімі көбейеді. Зерттеу деректеріне сүйенсек Алматы облысы республикамыздағы ауылшаруашылық жерлерінің 7,4 % яғни 16410,4 мың га алып жатыр. Облыстағы ауылшаруашылық жерлерінің құрылымының аудандары келесідей: егістік-6,4%, көпжылдық екіпелер-0,2%, тың жерлер-0,7%, шабындық-3,9%, жайылым-89,0% және бақша жерлері-0,04%, 2 сурет.



2 сурет –Алматы облысының ауылшаруашылық жерлерінің құрылымы

Қазіргі кезде облыста ауылшаруашылық жерлерінің экологиялық дағдарысқа ұшыраған аудандары ұлғаюда: зиянды әсерге ұшыраған-585,6 мың га., құнарлы төмендеген жерлер-150,3 мың га., тұзданған жерлер-117,1 мың га., сортанданған-25,5 мың га., шайылған-63,1 мың га., дефляцияланған-64,8 мың га., ылғалы жоғары жерлер-40,1 мың га., батпақтанған жерлер-2,8 мың га., 3 сурет.



3 сурет – Алматы облысында экологиялық дағдарысқа ұшыраған жерлердің ауданы

Жүргізілген ғылыми зерттеулер барысында анықтағанымыз Алматы облысында ауыл шаруашылығы айналымынан шыққан жерлердің топырағы негізінен 4 топқа бөлдік:

- сұр;
- ашық қызыл қоңыр;
- қара;
- қызыл – қоңыр.

Алматы облысында ауылшаруашылық жерлерін ұтымды пайдалануда келесі факторлар кедергі болып тұр:

- экономиканың басқа салаларына ауылшаруашылық жерлерінің берілуі;
- жерлерді пайдалануда заңдылықтардың бұзылуы;
- ауылшаруашылық жерлеріне минералдық және органикалық тыңайтқыштардың аз қолданылуы;
- ауылшаруашылығы айналымынан шыққан жерлер ауданының өсуі;
- жерлердің әр түрлі дағдарысқа ұшырауы;
- жер ресурстарының ластануынан экологиялық зардабтардың күшеюі;
- табиғаттың тепе-теңдігінің бұзылуы;
- жекеменшіктегі жерлердің игерілмеуі.

Жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылар жерді қорғау мақсатында келесі жұмыстарды жүзеге асыруға міндетті:

- топырақтың құнарлығын, сондай-ақ жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіруге және арттыруға;
- жерді су және жел эрозиясынан, селден, су астында қалудан, батпақтанудан, қайталап сортаңданудан, құрғап кетуден, тығыздалудан, өндіріс қалдықтарымен, химиялық және радиоактивті заттармен былғану мен ластанудан, бүлінудің басқа да үрдістерінен қорғауға;
- ауылшаруашылық жерін карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларын жұқтырудан, арамшөп, бұта және шіліктің басып кетуінен, жердің жай-күйі нашарлануының өзге де түрлерінен қорғауға;
- бүлінген жердің жаңғыртылуына, оның құнарлығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіруге және оны шаруашылық айналымына уақтылы тартуға;

- жердің бүлінуіне байланысты жұмыстар жүргізуге кезінде топырақтың құнарлы қабатын алуға, пайдалануға және сақтауға бағытталған шараларды.

Алматы облысында ауылшаруашылық жерлерінің жер ресурстарын тиімді пайдалану арқылы экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз жасаймыз.

1 Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары//ҚР Президентінің Жарлығы, Астана 2 ақпан, 2011

2 Қазақстанның жер ресурстары. Журнал, 2001-2002ж

В статье рассматриваются проблемы эффективного использования земли в Алматинской области

In the article issues of effective land use in Almaty oblast are defined.

УДК 631.6:631.95

ЭКОЛОГО-МЕЛИОРАТИВНЫЕ МЕРОПРИЯТИЯ И МОДЕЛИРОВАНИЕ ПЕРЕНОСА ЗАСОЛЕННЫХ ПОЧВ

ECOLOGICAL MELIORATIVE MEASURES AND IMITATION OF TRANSFERENCE OF ARID SOILS.

Сейтказиев А.С., Бакирбаев Б.Б., Кулкаева Л.А., Успанова Б.Б.
A.S. Seitkaziev, B.B. Bakirbaev, L.A. Kulkaeva, B.B. Usanova

Таразский государственный университет, им. М.Х. Дулати, г.Тараз

Аннотация

При орошении земель в аридной зоне одним из обязательных элементов поддержания водно-солевого баланса является промывка почвы. В настоящее время для различных почв рассчитаны и рекомендованы промывные нормы. Однако эти расчеты базируются главным образом на экспериментальных данных. Для повышения эффективности промывки, а также экономии поливной воды необходимо исследовать механизм рассоления почвы при их промывании. В данной работе предлагается метод расчета скорости и степени опреснения почв на основе анализа движения частиц соли. При этом основным расчетным элементом является скорость и дальность пробега частицы соли в растворе. Данный метод позволяет обосновать и определить технологию тактовых промывок засоленных почв.

В основу моделирования было положено основное уравнение солепереноса с расчетом входящих в него коэффициентов по фактическим данным. В результате были получены значения нетто промывной нормы на засоленных землях в зависимости от физико-химических свойств почв исследуемого массива.

Введения

Борьба с засолением почв одна из основных задач, которая включает в себя систему различных мероприятий. Оптимальное планирование мелиоративных мероприятий возможно только при изучении водно-солевого и пищевого режима почвогрунтов с целью его прогноза. Одним из эффективных методов составления такого прогноза является метод математического моделирования на основе уравнении гидродинамики почвенной среды. Уравнения модели, вводимые ограничения позволяют имитировать поведение